

Үздік ғылыми зерттеулерге сыйлықтар және жас ғалымдарға үздік ғылыми жұмыстары үшін сыйлықтар берудің тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 500 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 22 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1168. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 536 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 536 (алғаш ресми жарияланғанынан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысын орындау үшін
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Ұ с ы н ы л ы п о т ы р ғ а н :

- 1) Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар берудің тәртібі туралы Ереже (1-қосымша);
- 2) Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға сыйлықтар берудің тәртібі туралы Ереже (2-қосымша) **б е к і т і л с і н .**

2. Ғылым департаменті (М.Қ. Әбсәметов) жоғарыда аталған нормативтік актілерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Е.Е. Ерғожинге жүктелсін.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 7 м а м ы р N 5 0 0
бұйрығына 1-қосымша

**Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар берудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер**

1. Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар берудің тәртібі туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 10 мамырындағы N 685 қаулысын орындау үшін әзірленді.

2. Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар (бұдан әрі - сыйлықтар) Қазақстан Республикасының азаматтарына жыл сайын конкурстық негізде беріледі:

1) жаратылыстану ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлықтар (бірінші және екінші) - жаңалық ашу, өнертапқыштық, әзірленген және ресми қабылданып алынған жаңа технологиялар, жеке ғылыми жұмыстар, үлкен теориялық және практикалық маңызы бар ортақ тақырыптама бойынша ғылыми жұмыстар сериялары үшін;

2) гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтар (бірінші және екінші) зерттеулердің жаңашылдығымен және көкейкестілігімен ерекшеленетін үлкен теориялық және практикалық маңызы бар жұмыстар үшін;

3) алынып тасталды;

4) Педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Ы.Алтынсарин атындағы (бірінші, екінші және үшінші) сыйлықтар айтарлықтай теориялық және практикалық маңызы бар, білім беру ұйымдары практикасында және технология, педагогика ғылымына қосқан ерекше жетістіктері, өзектілігі мен жаңашылдығының ерекшеліктері, білім беру жүйесіндегі ұлттық идеяның көріністері, жеке адам шығармашылығын дамытуды қалыптастыру мен тәрбиелеудің мүмкіндіктері үшін.

Ескерту: 2-тармаққа толықтыру, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

2 - 1 . < * >

Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды, алынып тасталды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

3. Сыйлыққа ұйымдардың ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық, техникалық) кеңестерінде жан-жақты талқыланудан өткен, ғылыми көпшілікке кеңінен танымал конкурс жарияланғанға дейінгі жылды қоса соңғы 5 жылда орындалып, жарияланған жұмыстар ұсынылады.

4. Бұрын ғылым, техника және білім саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына, республикалық бюджет қаражатынан төленетін өзге сыйлықтарға, сондай-ақ шетел сыйлықтарына ие болған жұмыстарды, осы сыйлықтарды алу конкурсына қатысуға жіберілмейді.

Сыйлыққа жұмыс екі реттен артық ұсынылмайды. Осы сыйлықтар лауреатының жаңа жетістіктері болған жағдайда, сыйлықтар оған қайталанып тағайындалғаннан кейін бес жыл өткен соң берілуі мүмкін.

5. Бірінші, екінші және үшінші сыйлықтардың ақшалай мөлшері айлық есеп көрсеткіштерінің тиісінше 200, 150 және 100 есе мөлшері шегінде белгіленеді.

Ұжымдық жұмыстардың авторларына сыйлықтың ақшалай бөлігі тең үлеспен т ө л е н е д і .

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен .

6. Ғылым саласындағы сыйлықтарды төлеу шығындары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтар мен стипендияларды төлеу үшін көздеген бюджет қаражаты есебінде жүргізіледі.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

2. Сыйлыққа ұсыну, ресімдеу және жұмыстарды тапсырудың тәртібі

7. Сыйлықтар алу үшін жұмыстарды ұсыну құқығы министрліктер мен ведомстволар алқаларына, ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық, техникалық) кеңестерге және меншік нысанына қарамай Қазақстан Республикасының басқа ғылыми, оқу және өзге ұйымдарына (бұдан әрі - ұйымдар) беріледі.

Сыйлық алу үшін жұмыстарды ұсыну туралы шешім сыйлық алу үшін ұсынылатын жұмыстар орындалған ұйымдарда белгіленген тәртіппен қабылданады.

8. Сыйлық алуға жеке авторлар, сондай-ақ сандық мөлшері бес адамнан аспайтын ұжым авторлары жұмыстары ұсынылады. Әр автор және шығармашылық ұжым конкурсқа тек бір жұмыс ұсынуға құқылы.

Сыйлық алу ұжымына кандидаттарды іріктеу сыйлық алу үшін ұсынылатын жұмыстар орындалған ұйымдарда белгіленген тәртіппен өткізіледі.

9. Конкурсқа мынадай құжаттар ұсынылады (басылған түрде, екеуі де бірдей д а н а д а) :

1) кітаптар, монографиялар, оқулықтар, кітапшаланған мақалалар, патенттер көшірмелері және басқа сақтау құжаттары ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептер (мемлекеттік тіркеуден өткен) түріндегі сыйлыққа ұсынылған ғылыми ж ұ м ы с ;

2) онда оның мазмұны, күн талабына сәйкестігі мен жаңалығы, негізгі

ғылыми нәтижелері, олардың ғылымның әлемдік деңгейіне сәйкестігі мен маңызы, одан әрі пайдалану перспективалары баяндалатын жұмыстың сипаттамасы (20 беттен аспауы тиіс).

Сипаттамаға қоса (мемлекеттік және орыс тілдерінде) жұмысты ұсынған мекеменің атауы, жұмыстың аты, талапкерлердің қолы қойылған, оның тегі, аты-жөні көрсетілген кітаптың бірінші беті беріледі;

3) мынадай мәліметтері бар жұмыстың қысқаша мазмұндамасы (бір бетте): алдыңғы бетінде - жұмыстың атауы, оны ұсынатын ұйымның толық атауы; авторлардың тегі, аты-жөні, олардың қызмет орындары, лауазымдары, ғылыми атақтары мен дәрежелері; екінші жағында - жұмыстың қысқаша мазмұны мен алынған нәтижелерінің маңызы, жұмыс авторларының қолы;

4) ұйымның басшысы қол қойған (ресми бланкіде), жұмыстың ғылыми маңыздылығын бейнелейтін (жұмыстар сериясы), оның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылығы айтылатын дәлелді ұсыным - негіздеме;

5) мөрмен куәландырылған жұмысты ұсынушы алқалы орган мәжілісінің хаттамасынан үзінді;

б) талапкердің тегі, аты-жөні, туған жылы, төлқұжат немесе жеке куәлік мәліметтері, ғылыми дәрежесі мен атағы, мамандығы, қызмет орны мен лауазымы, қызмет және үй мекен-жайы, телефондары көрсетілген, талапкердің өзі қол қойған және кадр бөлімінің қызметкері куәландырған, талапкердің негізгі қызмет орны берген анықтама - автор (авторлар) туралы мәліметтер;

7) жұмысты ұсынушы ұйымның басшысы қол қойған оның шығармашылық үлесі көрсетілген (ұжым жұмыстары үшін) талапкердің ғылыми қызметіне қысқаша сипаттама;

8) талапкердің негізгі қызмет орнының мөрімен расталған оның маңызды ғылыми еңбектерінің тізімі (10-нан кем болмауы тиіс);

9) жұмысты ұсынушы ұйымның басшысы қолын қойған мөрмен куәландырылған, конкурсқа тапсырылған жұмыстың (жұмыстар сериясы) бұрын осы Ереженің 4-тармағында аталған сыйлықтарға ие болмағанын растайтын анықтама.

Осы баптың б), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды егер ол зейнеткер болса (жұмыстан босатылған және т.б.) талапкердің соңғы жұмыс орнынан ұсынуға болады.

10. Аталған құжаттардың әр жинағы "Жаратылыстану ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықтар алуға", "Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтар алуға", "Педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Ы. Алтынсарин атындағы сыйлықтар

алуға"деген жазуы бар ғылыми жұмысымен бірге папкіде, жеке конвертке
с а л ы н у ы к е р е к .

Ескерту: 10-тармақ толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

11. Осы талаптарға сәйкес ресімделмеген құжаттар қабылданбайды. Конкурса ұсынылған материалдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болмайды.

12. Сыйлық алуға ұсынылған материалдар Министрлікке конкурс туралы хабарландыруға сәйкес ұсынылады, онда конкурс құжаттары тіркеледі және қабылдау мерзімі аяқталған соң қарау үшін Конкурстық комиссияға жіберіледі.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

13. Конкурса ұсынылған жұмыстар мен материалдар бір данада авторлардың жазбаша талаптары бойынша қайтарылады.

3. Жұмыстарды қарау тәртібі

14. Конкурстық материалдарды қарау және сыйлықтарды тағайындау мәселесі жөніндегі ұсынымдық шешімдерді дайындау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен Конкурстық комиссия құрылады .

Конкурстық комиссия консультативті-кеңесші орган болып табылады және министрліктер мен ведомстволар өкілдерінен, республиканың әртүрлі ғылым салаларындағы жетекші ғалымдары мен мамандарынан құрылады.

Конкурстық комиссияны төраға - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрі басқарады .

Осы сыйлыққа Конкурстық комиссия мүшелерінің жұмыстарын ұсынған жағдайда соңғылары комиссия жұмысына қатыспайды. Конкурстық комиссияның барлық шешімдері хаттамалармен ресімделеді.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

15. Конкурстық комиссияның құқықтары:
сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды алдын ала қарау үшін секциялар құру, олардың құрамын және жұмыс тәртібін анықтау;
сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарды ғылыми және тиісті бейіндегі басқа да

ұйымдарға сараптап қарауға жолдау;
сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды рецензиялауға көрнекті ғалымдар мен мамандарды тарту;

16. Конкурстық комиссия конкурстық материалдар конверттерін ашып, олардың конкурс талаптарына сәйкестігін анықтайды.

Белгіленген талаптарға сәйкес материалдарды Конкурстық комиссия секцияларда (ғылым салалары бойынша) жұмыстардың ғылыми және практикалық маңыздылығын бағалау үшін жібереді, сондай-ақ:

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы (бұдан әрі - Қазақ Білім академиясы) - педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Ы.Алтынсарин атындағы сыйлық бойынша;

Секциялардың, Қазақ білім беру академиясының ұсынымдық шешімдері Конкурстық комиссияға беріледі.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен .

17. Сыйлықтар беру туралы Конкурстық комиссия шешімдері жасырын дауыспен қабылданады. Сыйлықтар мәжіліске қатысып отырған Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижесінде кемінде 2/3 алған жұмыстарға беріледі.

18. Жасырын дауыс беру үшін бюллетеньге жұмыстарды енгізу туралы шешімдерді секциялар, Қазақ Білім академиясының кепілдемелерін ескеріп, жұмыстарды қарау негізінде Конкурстық комиссия мүшелерінің мәжілісіне қатысқандардың көп дауысын жинаған ашық дауыс беру арқылы Конкурстық комиссия қабылдайды .

Ескерту: 18-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен.

19. Жасырын дауыс беру барлық жұмыстар бойынша бір мезгілде жүргізіледі.

Егер, жасырын дауыс берудің қорытындысы бойынша жаратылыстану ғылымдары бойынша екі жұмыстан артық және гуманитарлық ғылымдар бойынша екі жұмыстан артық жұмысқа сыйлықтар беруге шешім қабылданса, онда сыйлықтар ең көп дауыс санын жинаған үш авторға беріледі.

Егер, жасырын дауыс берудің қорытындысы бойынша педагогика бойынша үш жұмыстан артық жұмысқа сыйлықтар беруге шешім қабылданса, онда сыйлықтар осы саладағы ең көп дауыс санын жинаған (бірінші, екінші және үшінші сыйлықтар) үш жұмысқа беріледі.

Ескерту: 19-тармақ толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001

жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

20. Қайта дауыс беру үшін бюллетеньге бірінші дауыс беру кезінде қатысқан комиссия мүшелерінің жартысынан аз дауыстарын жинаған жұмыстар енгізілмейді.

Егер, қайталап дауыс берген жағдайда жұмыстардың біреуі де қажетті мөлшерде дауыс жинамаған болса, сыйлық берілмеген деп саналады және келесі жылға ауыстырылмайды.

21. Конкурстық комиссия шешім қабылдауға құқылы, егер оның мәжілісіне комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 тізімдік құрамы қатысқан жағдайда.

4. Конкурс нәтижелерін бекіту тәртібі

22. Конкурстық комиссия жұмыстарды қарау нәтижесі бойынша мынадай материалдар ресімдейді: Конкурстық комиссияның хаттамасын, дауыс берген бюллетеньдер салынған Конкурстық комиссияның мүшелері қол қойып жабылған конверт, секциялардың, Қазақ білім академиясының сыйлықтар беруге ұсынылған жұмыстар бойынша тиісті қорытындылары, сондай-ақ осы Ереженің 9-тармағына сәйкес құжаттар.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

23. Конкурстық комиссияның сыйлықтар беруге ұсынған жұмыстары бойынша тиісті шешімдердің жобалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітуге ұсынылады.

Ескерту: 23-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

24. Сыйлықтар беру туралы ресми басылымдарда және "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Хабаршысы" журналында жарияланады. Сыйлыққа лайық жұмыстар туралы қысқаша түсініктемелер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы" журналының тиісті серияларында жарияланады.

Ескерту: 24-тармаққа толықтыру, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

25. Сыйлық алған ғылыми жұмыстар Министрліктің Орталық ғылыми кітапханасына сақтауға беріледі.

5. Сыйлықтың лауреаттарын марапаттау

26. Сыйлық беру туралы дипломдар, омырау белгілері мен ақшалай сыйлықтарды лауреаттарға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрі тапсырады.

Ескерту: 26-тармаққа толықтыру, өзгерту енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

27. Жаратылыстану ғылымдары бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін Қ.И.Сәтбаев атындағы, гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін Ш.Уәлиханов атындағы және педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Б.Алтынсарин атындағы сыйлықтар лауреаттарына өз еңбектерін " _____ жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлық берілген", _____ жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық берілген", _____ жылы Б.Алтынсарин атындағы сыйлық берілген деген белгі қойып басып шығару құқығы беріледі.

Ескерту: 27-тармақ толықтырылды, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

28. Қайтыс болғаннан кейін марапатталған, қайтыс болған сыйлықтар лауреаттарының дипломы, омырау белгісі және ақшалай сыйлықтары оның мұрагерлеріне заңдарға сәйкес беріледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 7 м а м ы р N 5 0 0
бұйрығына 2-қосымша

Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға сыйлықтар берудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға сыйлықтар берудің тәртібі туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 10 мамырындағы N 685 қаулысын орындау үшін әзірленді.

2. Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға сыйлықтар (бұдан әрі - сыйлықтар) Қазақстан

Республикасының азаматтарына жыл сайын конкурстық негізде беріледі:

1) жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға арналған Д.А.Қонаев атындағы әрқайсысы 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі үш сыйлық;

2) гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға арналған М.Әуезов атындағы әрқайсысы 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі үш сыйлық.

3. Сыйлыққа зерттеулердің күн талабына сәйкестігі және жаңалығымен, құрылған өзгешелігімен және ғылыми міндеттерді шешумен ерекшеленетін теориялық және практикалық маңызы бар жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы жарияланған жұмыстар (жұмыстар циклі) ұсынылады.

Жұмыстар конкурс жарияланғанға дейінгі жылды қоса соңғы 3 жылда орындалған болуы керек.

4. Республикалық бюджет қаражатынан төленген бұрын сыйлықтарға ие болған жұмыстар, осы сыйлықтарды алу конкурсына қатысуға жіберілмейді. Сыйлыққа жұмыс екі реттен артық ұсынылмайды.

Осы сыйлықтар лауреатының жаңа жетістіктері болған жағдайда, сыйлықтар оған қайталанып тағайындалғаннан кейін бес жыл өткен соң берілуі мүмкін.

5. Сыйлықтар алу үшін конкурсқа жас ғалымдар (оның ішінде ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, докторанттар, аспиранттар, стажер-зерттеушілер, инженер-техникалық қызметкерлер) қатыса алады. Сыйлық алушылардың конкурсқа жұмыстарын берген кезде жасы 35 аспауы тиіс.

6. Ғылым саласындағы сыйлықтарды төлеу шығындары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтар мен стипендияларды төлеу үшін көзделген бюджет қаражаты есебінде жүргізіледі.

2. Сыйлыққа ұсыну, ресімдеу және жұмыстарды тапсырудың тәртібі

7. Сыйлықтар алу үшін кандидаттарды ұсыну құқығы меншік нысанына қарамай Қазақстан Республикасы ұйымдарының ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық, техникалық) кеңестеріне, ғылыми кеңестер мен қоғамдарына, жас ғалымдар кеңесіне және басқа ғылыми, оқу және басқа ұйымдарының (бұдан әрі - ұйымдар) алқалық органдарына беріледі.

Сыйлық алу үшін жұмыстарды ұсыну туралы шешім сыйлық алу үшін ұсынылатын жұмыстар орындалған ұйымдарда белгіленген тәртіппен қабылданады.

8. Сыйлық алуға жеке авторлар, сондай-ақ сандық мөлшері үш адамнан аспайтын ұжым авторларының жұмыстары ұсынылады. Әр автор және шығармашылық ұжым конкурсқа тек бір жұмыс ұсынуға құқылы.

Сыйлық алу ұжымына кандидаттарды іріктеу сыйлық алу үшін ұсынылатын жұмыстар орындалған ұйымдарда белгіленген тәртіппен өткізіледі.

9. Конкурсқа мынадай құжаттар ұсынылады (басылған түрде, екі бірдей данада) :

1) кітаптар, монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, кітапшаланған мақалалар, патенттер көшірмелері, туындыгер куәліктері мен басқа құжаттар түріндегі ғылыми жұмыс ;

2) оның мазмұны, зерттеулердің күн талабына сәйкестігі мен жаңалығы, негізгі ғылыми нәтижелері, олардың маңызы және одан әрі пайдалану мүмкіншіліктері баяндалатын жұмыстың сипаттамасы (10 беттен аспауы тиіс).

Сипаттамаға қоса (мемлекеттік және орыс тілдерінде) жұмысты ұсынған мекеменің атауы, жұмыстың аты, талапкерлердің қолы қойылған, оның тегі, аты-жөні көрсетілген кітаптың бірінші беті беріледі;

3) мынадай мәліметтері бар жұмыстың қысқаша мазмұндамасы (бір бетте): алдыңғы бетінде - жұмыстың атауы, оны ұсынатын ұйымның толық атауы; авторлардың тегі, аты-жөні, олардың қызмет орындары, лауазымдары, ғылыми атақтары мен дәрежелері; екінші жағында - жұмыстың қысқаша мазмұны мен алынған нәтижелерінің маңызы, жұмыс авторларының қолы;

4) ұйымның басшысы қол қойған (ресми бланкіде), жұмыстың ғылыми маңыздылығын бейнелейтін дәлелді ұсыным-негіздеме;

5) мөрмен куәландырылған жұмысты ұсынушы алқалы орган мәжілісінің хаттамасынан үзінді ;

6) (талапкердің тегі, аты-жөні, туған жылы, төлқұжат немесе жеке куәлік мәліметтері, ғылыми дәрежесі мен атағы, мамандығы, қызмет орны мен лауазымы, қызмет және үй мекен-жайы, телефондары көрсетілген, талапкердің өзі қол қойған және кадр бөлімінің қызметкері куәландырған, талапкердің негізгі қызмет орны берген анықтама) - автор туралы мәліметтер;

7) жұмысты ұсынушы ұйымның басшысы қол қойған оның шығармашылық үлесі көрсетілген (ұжым жұмыстары үшін) талапкердің ғылыми қызметіне қысқаша сипаттама ;

8) талапкердің негізгі қызмет орнының мөрімен расталған оның маңызды ғылыми еңбектерінің тізімі (5-тен кем болмауы тиіс);

9) жұмысты ұсынушы ұйымның басшысы қолын қойған мөрмен куәландырылған, конкурсқа тапсырылған жұмыстың (жұмыстар сериясы) бұрын осы Ереженің 4-тармағында аталған сыйлықтарға ие болмағанын растайтын анықтама. Осы баптың 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды

егер ол зейнеткер болса (жұмыстан босатылған және т.б.) талапкердің соңғы жұмыс орнынан ұсынуға болады.

10. Аталған құжаттардың әр жинағы "Жаратылыстану ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға Д.А.Қонаев атындағы сыйлықтар алуға" немесе "Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін М.Әуезов атындағы сыйлықтар алуға" деген жазуы бар ғылыми жұмысымен бірге папкіде, жеке конвертке салынуы керек.

11. Осы талаптарға сәйкес ресімделмеген құжаттар қабылданбайды. Конкурсқа ұсынылған материалдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болмайды.

12. Сыйлық алу конкурсына ұсынылған материалдар Министрлікке конкурс туралы хабарландыруға сәйкес тапсырылады, онда конкурс құжаттары тіркеледі және қабылдау мерзімі аяқталған соң қарау үшін Конкурстық комиссияға жіберіледі.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

13. Конкурсқа ұсынылған жұмыстар мен материалдар бір данада авторлардың-жазбаша талаптары бойынша қайтарылады.

3. Жұмыстарды қарау тәртібі

14. Конкурстық материалдарды қарау және сыйлықты беру мәселелері жөніндегі кепілдеме шешімдерді дайындау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен Конкурстық комиссия құрылады.

Конкурстық комиссия консультативті-кеңесші орган болып табылады және министрліктер мен ведомстволар өкілдерінен, республиканың әртүрлі ғылым салаларындағы жетекші ғалымдары мен мамандарынан құрылады.

Конкурстық комиссияны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ғылым мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары - төраға басқарады.

Осы сыйлыққа Конкурстық комиссия мүшелерінің жұмыстарын ұсынған жағдайда соңғылары комиссия жұмысына қатыспайды.

Конкурстық комиссияның барлық шешімдері хаттамалармен ресімделеді.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

15. Конкурстық комиссияның құқықтары: сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды алдын ала қарау үшін секциялар құру,

олардың құрамын және жұмыс тәртібін анықтау;
сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарды Ұлттық ғылым академиясының ғылым бөлімдеріне ғылыми және тиісті бейіндегі басқа да ұйымдарға сараптап қарауға ж о л д а у ;
сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды рецензиялауға көрнекті ғалымдар мен м а м а н д а р д ы т а р т у .

Ескерту: 15-тармақ толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен.

16. Конкурстық комиссия конкурстық материалдар конверттерін ашып, олардың конкурс талаптарына сәйкестігін анықтайды.

Конкурстық комиссия конкурс талаптарына сәйкес материалдарды жұмыстардың ғылыми маңыздылығын бағалау үшін секцияларға жіберіледі.

Секциялардың ұсынымдық шешімдері Конкурстық комиссияға беріледі.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен.

17. Сыйлықтар беру туралы Конкурстық комиссия шешімдері жасырын дауыспен қабылданады. Сыйлықтар мәжіліске қатысып отырған Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижесінде кемінде 2/3 алған жұмыстарға беріледі.

18. Жасырын дауыс беру үшін бюллетеньге жұмыстарды енгізу туралы шешімдерді секциялар кепілдемелерін ескеріп, жұмыстарды қарау негізінде Конкурстық комиссия мүшелерінің мәжілісіне қатысқандардың көп дауысын жинаған ашық дауыс беру арқылы Конкурстық комиссия қабылдайды.

Ескерту: 18-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен.

19. Жасырын дауыс беру барлық жұмыстар бойынша бір мезгілде жүргізіледі.

Егер, жасырын дауыс берудің қорытындысы бойынша жаратылыстану бойынша үштен артық жұмысқа және гуманитарлық ғылымдар бойынша үштен артық жұмысқа сыйлықтар кепілдейтін болса, онда ең көп дауыс санын жинаған үш жұмысқа сыйлықтар беріледі.

20. Егер, дауыс берген жағдайда жұмыстардың біреуі де қажетті мөлшерде дауыс жинамаған болса, сондай-ақ егер, үштен артық жұмыс қажетті және бірдей дауыс жинағанда осы туралы хаттамада көрсетіп Конкурстық комиссия қайталап дауыс өткізуге құқылы. Қайта дауыс беру үшін бюллетеньге бірінші дауыс беру кезінде қатысқан комиссия мүшелерінің жартысынан аз дауыстарын жинаған жұмыстар енгізілмейді. Егер, қайталап дауыс берген жағдайда жұмыстардың біреуі де қажетті мөлшерде дауыс жинамаған болса, сыйлық берілмеген деп саналады және келесі жылға ауыстырылмайды.

21. Конкурстық комиссия шешім қабылдауға құқылы, егер оның мәжілісіне комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 тізімдік құрамы қатысса.

4. Конкурс нәтижелерін бекіту тәртібі және сыйлық лауреаттарын марапаттау

22. Конкурстық комиссия жұмыстарды қарау нәтижесі бойынша мынадай материалдар ресімдейді: Конкурстық комиссияның хаттамасын, сыйлықтар беруге ұсынылған жұмыстар бойынша секциялардың шешімдері, сондай-ақ осы Ереженің 9-тармағына сәйкес құжаттар.

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

23. Конкурстық комиссияның сыйлықтар беруге ұсынған жұмыстары бойынша тиісті шешімдердің жобалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітуге ұсынылады.

Ескерту: 23-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

24. Сыйлықтар беру туралы ресми баслымдарда және "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Хабаршысы" журналында жарияланады. Сыйлыққа лайық жұмыстар туралы қысқаша түсініктемелер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы" журналының тиісті серияларында жарияланады.

25. Сыйлық алған ғылыми жұмыстар Министрліктің Орталық ғылыми кітапханасына сақтауға беріледі.

26. Сыйлық беру туралы дипломдар, омырау белгілері мен ақшалай сыйлықтарды лауреаттарға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі тапсырады.

Ұжымдық жұмыстардың авторларына сыйлықтың ақшалай бөлігі тең үлеспен төленеді.

Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 631 бұйрығымен, 2004 жылғы 21 қазандағы N 850 бұйрығымен.

27. Қайтыс болғаннан кейін марапатталған, қайтыс болған сыйлықтар лауреаттарының дипломы, омырау белгісі және ақшалай сыйлықтары оның мұрагерлеріне заңдарға сәйкес беріледі.

